

Киікті қорғау және өсімін молайту жөніндегі қосымша шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 19 шілде N 980

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Z933300_
Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының
Үкіметі қаулы етеді:

1. Ғылыми мақсаттарға пайдаланудан басқа, 2005 жылға дейін Қазақстан
Республикасының аумағында киіктерді аулауға тыйым салынсын.
2. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау
министрлігі:
 - 1) 2001-2005 жылдар ішінде, жыл сайын, киіктердің санына есеп жүргізсін,
солардың негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне киікті аулауға тыйым
салудың күшін жою, мерзімін өзгерту немесе ұзарту туралы ұсыныстар берсін;
 - 2) 2002 жылға арналған республикадағы бюджетті қалыптастыру кезінде киіктердің
санын сақтау жөніндегі іс-шараларды орындауға арналған қаражатты бекітілген
шығыстар лимиттерінің шегінде көбейтуді көздесін.
3. Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Алматы, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды,
Қызылорда, Маңғыстау және Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдеріне Қазақстан
Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігімен
бірлесіп, киіктердің түрлерін сақтау мақсатында қаскерлікпен және қасқырларды атып
алумен күресті қүшету жөнінде бір ай мерзімде қосымша шаралар қабылдау
ұсынылсын.
4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары киіктердің мүйіздерін және
терілерін, сондай-ақ басқа да бөліктерін алу кезінде "Жекелеген негіздер бойынша
мемлекет менишігіне түскен мұлікті есепке алу және одан әрі пайдалану, соның ішінде
сату ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28
қыркүйектегі N 1467 Р001467_ қаулысын басшылыққа алсын.
5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Энергетика және
минералдық ресурстар министрі В.С.Школьникке жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануы
тиіс.

Премьер-Министрі

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК